

**«Корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеу бойынша салық жеңілдіктерін қолданатын «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының нақты болуы жөніндегі қағидаларын қолдану нұсқаулығын бекіту туралы»**

**«Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті («АФСА») Бас директорының БҰЙРЫҒЫ**

2015 жылғы 7 желтоқсандағы «Астана халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 6-бабының 3 және 8-2-тармақтарына сәйкес, «Астана» халықаралық қаржы орталығы Басқарушысының 2020 жылғы 26 мамырдағы №126, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 547 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №118 бірлескен бұйрығымен бекітілген Корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеуден босатылатын «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының көрсететін қаржылық қызметтер тізбесінің 6-тармағына сәйкес, сондай-ақ АФСА Бас директорының 2021 жылғы 23 қарашадағы № AFSA-P-OA-2021-0009 бұйрығымен (бұдан әрі – Бұйрық) бекітілген және 2021 жылғы 26 қарашада Қаржы министрлігімен келісілген Корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеу бойынша салық жеңілдіктерін қолданатын «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының нақты болуы жөніндегі қағидаларын қолдану тәртібін айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосы беріліп отырылған Бұйрықпен бекітілген Корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеу бойынша салық жеңілдіктерін қолданатын «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының нақты болуы жөніндегі қағидаларын қолдану нұсқаулығы бекітілсін.
2. Осы бұйрықты белгіленген тәртіппен АФСА интернет-ресурсында орналастыру қамтамасыз етілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау АФСА-ның Үкіметпен байланыс департаментіне жүктелсін.
4. Осы бұйрық оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енгізілсін.

**«Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Бас директоры**  
«15» 09 2023ж.

**Н. Көшімов**

**Келісілді:**  
**ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы**  
«24» 10 2023ж.

**Ж. Дуйсембиев**

«Корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеу бойынша салық жеңілдіктерін қолданатын «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының нақты болуы жөніндегі қағидаларын қолдану нұсқаулығын бекіту туралы»

«Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Бас директорының Бұйрығына қосымша

«Корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеу бойынша салық жеңілдіктерін қолданатын «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының нақты болуы жөніндегі қағидаларын қолдану нұсқаулығы

## **МАЗМҰНЫ**

- 1. КІРІСПЕ**
- 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**
- 3. НАҚТЫ БОЛУДЫҢ ШАРТТАРЫ**
- 4. НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ**

## 1. КІРІСПЕ

- 1) Осы нақты болуы жөніндегі қағидаларды қолдану нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2021 жылғы 17 қазанындағы Корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеу бойынша салық жеңілдіктерін қолданатын «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушыларының нақты болуы жөніндегі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 4-бөліміне *(Қағидаларды қолдану тәртібі)* сәйкес әзірленген.
- 2) Нұсқаулық Қағидаларды қолдану тәртібін анықтау және оларды Орталық қатысушыларына түсіндіру мақсатында әзірленді. Нұсқаулықтың ережелерін Орталық қатысушылары Орталық аумағында қызметті жүзеге асыру кезінде Қағидаларда айқындалған нақты болу талаптарын сақтау мақсатында қолдануға жатады.
- 3) Мемлекеттік кірістер органдары салықтық бақылау шараларын жүзеге асыру кезінде Қағидаларда белгіленген нақты болу шарттарының орындалуын анықтау мақсатында Нұсқаулықты басшылыққа алуға құқылы.

## 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1) Қағидалардың 6-тармағында шарттар қатар сақталған кезде Орталық қатысушысы Орталық аумағында іс жүзінде бар деп танылатын шарттар (бұдан әрі – Шарттар) белгіленеді.

Жоғарыда аталған тармақтың Шарттары бір мезгілде орындалған жағдайда қатысушы «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 6-бабы 3-тармағында, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушылары көрсететін қаржылық қызметтер тізбесінің<sup>1</sup> (бұдан әрі – Қаржылық қызметтер) 3-тарауы 5-тармағында айқындалған қаржылық қызметтерді көрсету кезінде корпоративтік табыс салығын (КТС), қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеуден босатуды қолдануға құқылы.

- 2) Орталық қатысушысының нақты болуын растау мерзімі күнтізбелік жыл болып танылады. Орталық қатысушысы Шарттарға сай болған салық кезеңінде нақты бар деп танылады.
- 3) Орталық қатысушысына Орталық аумағында қызметті жүзеге асыру кезінде Қағидаларда белгіленген Шарттардың орындалуын дербес айқындауға арналған Нұсқаулықты басшылыққа алу міндеті жүктеледі.
- 4) Мемлекеттік кірістер органдары салық бақылауын Қазақстан Республикасының салық заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырады.
- 5) Жобаның экономикалық негіздемесі, оның ішінде шығындар мен қызметкерлер санының негіздемесі осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркелген жерінде мемлекеттік кірістер органына салық есептілігін ұсыну мерзімін ұзартуды ескере отырып, есептік кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей ұсынылады.
- 6) Орталық қатысушысы Нұсқаулықтың 5) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімде экономикалық негіздемесін уақтылы ұсынуға бар күш-жігерін салады.
- 7) Орталық қатысушысының Нұсқаулықтың 5) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімде экономикалық негіздеме ұсынбауы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.
- 8) Қағидалардың 13-тармағына қатысты Орталықтың қатысушыларына негізгі табыс әкелетін қызмет түрлеріне (НТӘҚ) тікелей байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге аутсорсингке/қосалқы мердігерлікке беруге рұқсат етілмейді.

---

<sup>1</sup> «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеуден босатылатын қаржылық қызметтердің тізбесін бекіту туралы» АХҚО, ҚР ҰЭМ мен ҚР Қаржыминінің бірлескен бұйрығы»

### 3. НАҚТЫ БОЛУ ШАРТТАРЫ

#### 1) *Негізгі табыс әкелетін қызмет түрлері*

Қағидалардың 6-тармағының 1) тармақшасына қатысты негізгі табыс әкелетін қызмет («НТӘҚ») Конституциялық заңның 6-бабының 3-тармағында және (немесе) Қаржылық қызметтер тізбесінің 3-тарауының 5-тармағында белгіленген қызметтер мен оларға тән қызмет түрлерін білдіреді.

Қағидалардың 10-тармағына қатысты, НТӘҚ Орталық қатысушысына табыс пен бизнес-құндылық әкелетін маңызды және құнды қызмет түрлері болып табылады. Орталық қатысушысының лицензия түріне, бизнес-моделіне және бизнес жүргізуінің басқа да шарттарына байланысты Орталықтың әрбір қатысушысы бірегей НТӘҚ жиынтығын жүзеге асыра алады. Орталық қатысушы өз лицензиясына тән барлық НТӘҚ орындауға құқылы.

Орталық қатысушы, егер оның білікті қызметкерлері мен әкімшілік-басқару персоналы Орталық аумағында жұмыс істесе, Орталықтың аумағында/аумағынан қызметті жүзеге асырушы деп танылады.

#### 2) *Операциялық шығыстардың жеткілікті көлемі бойынша шартты орындау*

Қағидалардың 6-тармағының 2-тармақшасына қатысты орындалған операциялық шығыстардың көлемі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Орталық қатысушысының бухгалтерлік есебінде танылған және пайда мен шығын есебін құрастыру мақсаттары үшін есепке алу саясатына сәйкес операциялық шығыстар ретінде айқындалған шығыстарды білдіреді.

Операциялық шығыстар Конституциялық заңның 6-бабының 3-тармағында және (немесе) қаржылық көрсетілетін қызметтер тізбесінің 3-тарауының 5-тармағында көзделген қызметтерді көрсетуден (және/немесе жұмыстарды орындаудан) кіріс алу үшін Орталыққа қатысушы жүзеге асырған осы шығыстар мен НТӘҚ арасындағы байланыстың жеткіліктілігін және НТӘҚ жүзеге асыру үшін қажетті көлемге сәйкестігін білдіреді.

Осылайша, келтірілген операциялық шығыстар мен НТӘҚ арасындағы байланыстың болуы мұндай шығыстардың НТӘҚ-ны жүзеге асыру мақсаттары үшін және соның нәтижесінде лицензияланатын қызмет түрінен табыс алу үшін жасалғанын білдіреді.

Операциялық шығыстардың жеткілікті көлемі бойынша шарттың орындалуын дербес растау мақсатында Орталық қатысушысында келесілер бойынша құжаттық негіздемесі болуы тиіс:

- I. НТӘҚ-ді іске асыру фактісі;
- II. Орталық қатысушы бухгалтерлік есепте есепке алған операциялық шығыстардың көздері, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:
  - a. Лицензияланатын қызметтерді көрсету үшін қажетті НТӘҚ жүзеге асыруға тікелей қатысатын қызметкерлерге және басқа да тұлғаларға еңбекақы төлеу бойынша шығыстар;
  - b. Орталық қатысушысының НТӘҚ жүзеге асыру үшін тікелей пайдаланылған және лицензияланатын қызметтерді көрсету үшін қажетті болған активтер мен міндеттемелері бойынша шығыстар.

### **3) Білікті қызметкерлердің жеткілікті саны бойынша шартты орындау.**

Қағидалардың 6-тармағының 3-тармақшасына қатысты, кезең ішінде АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің (AFSA) білікті қызметкерлердің саны, олардың кәсіби сипаттамалары бойынша талаптарын, оның ішінде жұмыс тәжірибесіне, біліктілігіне, сертификаттарының болуына және лицензияландыру рәсімі кезінде белгіленген Орталық қатысушысының қызметкерлерін қойылатын өзге де талаптарын орындауды білдіреді.

### **4. НҰСҚАУЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ**

Орталықтың органдары Нұсқаулықпен реттелмеген Нұсқаулықты қолдану мәселелері бойынша Конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлігінде:

1) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, сондай-ақ, осы Нұсқаулыққа қатысты АХҚО актілеріне енгізілген өзгерістер туралы оған хабарлау қажет;

2) өз құзыреті шегінде Нұсқаулықты қолдану бойынша түсіндіру мен түсініктемелер беруге құқылы.

**Жобаны экономикалық негіздеу, шығыстарды және қызметкерлер санын негіздеу нысаны**

**А бөлімі. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат**

1. БСН: \_\_\_\_\_
2. Нысан ұсынылатын салық кезеңі: \_\_\_\_\_ жыл
3. Салық төлеушінің атауы: \_\_\_\_\_
4. «Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті берген лицензияның атауы: \_\_\_\_\_
5. Лицензияның нөмірі, берілген күні: \_\_\_\_\_
6. Негізгі табыс әкелетін қызмет түрі (Қаржылық қызметтер тізбесінің 3-тарауы 5-тармағына сәйкес)

**В бөлімі. Кірістер туралы мәліметтер**

Кірістер	Кірістер сомасы (ҚҚС-сыз теңгемен)
Орталық аумағында лицензияланатын қызметтен түсетін кірістер	
Өзге кірістер	
<b>ЖИЫНЫ</b>	

**С бөлімі. Шығыстар туралы мәліметтер**

Шығыстардың атауы	Шығыстар сомасы (ҚҚС-сыз теңгемен)
Операциялық шығыстар сомасы, барлығы	
<i>Соның ішінде:</i> - жұмыс орындары жабдықталған Орталық аумағындағы кеңсені күтіп ұстауға және қамтамасыз етуге байланысты шығыстар	
- білікті персоналға шығыстар (ЕТҚ)	
- НТӨҚ бойынша пайдаланылған активтердің есептелген амортизациялық аударымдары;	
- НТӨҚ-ны жүзеге асыру кезінде пайдаланылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға арналған басқа да шығыстар	
- өзге шығыстар	
<b>ЖИЫНЫ</b>	

**Д бөлімі. Білікті персонал туралы мәліметтер**

Жұмыскерлер бойынша шығыстар	Жұмыскерлер саны	Шығыстар сомасы, теңгемен
Білікті жұмыскерлерге еңбекақы төлеу қоры бойынша шығыстар		
Өзге тұлғаларға еңбекақы төлеу қоры бойынша шығыстар (АҚС шартына сәйкес)		
<b>ЖИЫНЫ</b>		

Басшы «\_ (заңды тұлғаның атауын көрсету\_»  
Аты-жөні  
Мөр орны

Тапсыру күні «\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж.